# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 28 тамыз №3115-25-00-2/1782 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева қойылған талап қою бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Дара кәсіпкер «IT security systems» Ваид Вахаевич Талгаев

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП АРЫЗЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 272 бабын, Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4, 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер «IT security systems» Ваид Вахаевич Талгаевты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «IT security systems» Ваид Вахаевич Талгаев мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер дара кәсіпкер «IT security systems» Ваид Вахаевич Талгаев мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс

«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық жұқтырылған иммун тапшылығы синдромының алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Кіріс № 01-0869
2025 ж. «13» 10.

күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім 28 тамыз 2025 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сәрсенбиева Б. С., 28.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 09.10.2025. сулья Сарсенбиева Б. С., 09.10.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

3115-25-3-1/1851